

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 15 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет, бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деп Үкіметке тікелей тапсырма берген болатын. Сонымен қатар Президент «қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді» және де ел экономикасындағы агроөнеркәсіптік кешеннің үлесін екі есеге арттыра отырып оны алдағы 5 жылда 10%-ға дейін жеткізу қажет деп ерекше атап өтті.

Бізге жақында ғана Ауыл шаруашылығы министрлігі қабылдаған Ережелермен келіспейтінін білдірген еліміздің 100-ден астам фермерлерінің ұжымдық арызы келіп түсті. Бүгінгі таңда қолданылатын қағидаларға сәйкес жергілікті техника 30%-дан, ал импорттық техника 15%-дан субсидияланады. Бұл ретте, Ауыл шаруашылығы министрлігі импорттық ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялаудың күшін жоюды және оны сатып алуға лизинг мөлшерлемесін 6-дан 15%-ға дейін арттыруды жоспарлап отыр.

Өкінішке орай, жаңа қағидалар фермерлер мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер арасындағы теңгерімсіздікке алып келеді. Мұндай тепе-теңдіктің болмауы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тракторлар мен комбайндар сияқты өндірістің негізгі құралын өз қалауы бойынша еркін таңдау құқығынан айырады.

Біз Сіздің назарыңызды мемлекеттің, шаруалар мен отандық өндірушілердің мүдделері мәселесіне аударғымыз келеді.

Бірінші. Біз депутаттар ретінде мемлекет пен Үкіметтің қазақстандық құрастыру өндірісін дамытуға қолдау көрсету бағытындағы күш-жігерін толық қолдаймыз.

Ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру 15 жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келеді. Оған арзандатылған кредиттер, қосылған құн салығынан, корпоративті табыс салығынан, кедендік баждарды төлеуден, кәдеге жарату алымынан босату, облыс әкімдіктерін қаржылай қолдау түрінде мемлекеттің қомақты қаражаты жұмсалды.

Мәселен, 2018-2022 жылдары **13** отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаушылардан келген салық шығындары **123,6 млрд.** теңгені құрады.

Тек Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы органдары 2 құрастыру кәсіпорнының ғимараттары мен инфрақұрылымына бюджет есебінен **19 млрд.** теңгеден астам инвестиция құйды. Бұл ретте, СҚО әкімдігі 3,3 млрд. теңгеге ғимарат пен инфрақұрылым салып, бар болғаны 670 млн. теңге инвестициялаған CLAAS техника құрастыру кәсіпорны **60** адамды жұмысқа орналастырды. Бюджеттік инвестициялар жеке инвестициялардан **5** есе асады.

Екінші. Қазақстанның аграрлық секторы үшін өнімділігі жоғары импорттық техника өте маңызды, онсыз қазақстандық ауыл шаруашылығы өндірістің тұрақты өсуін қамтамасыз ете алмайды. Өнімділік пен экономикалық тиімділік - техниканың өндіру қуатына, істен шықпай (сынбай) жұмыс істеуіне, төзімділігіне, жанар-жағар май шығынын бақылау, қашықтан басқару және диагностикалау, түнгі ауысымда жұмыс істеу мүмкіндігіне, астық бастыру сапасына және т.б. байланысты.

Орта және ірі шаруашылықтарға 100 бірлік қарапайым техниканың орнына 30 бірлік қуатты техниканы пайдаланған тиімдірек.

Субсидиялаудың тең шарттарымен мұндай техниканы сатып алу мүмкіндігінің болуы ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудың, оның өнімділігін арттырудың және өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетудің қажетті факторы болып табылады.

Үшінші. 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі үш жыл ішінде Қазақстанда құрастырылған тракторлар мен комбайндардың құны **1,5-2** есеге ұлғайды. Мәселен, ESSIL K3C-760 комбайнының бағасы 72 млн. теңгеден 135,5 млн. теңгеге дейін өсті. Беларусь-82 тракторының бағасы 8,9 млн. теңгеден 13,1 млн. теңгеге дейін өсті. Vector KZ 410 комбайны 53 млн. теңгеден 95 млн. теңгеге дейін қымбаттады. Импорттық техниканың құны осы кезеңде 15-20%-ға өсті. Бұл

ретте, осы кезеңдегі валюта бағамының (АҚШ доллары) өсуі 8%-ға дейінгі мөлшерде болды.

Осыған ұқсас жағдай көрші Ресейде де орын алып отыр. Ресей агролизинг деректеріне сүйенсек, 2021 жылдан 2023 жылға дейін қуаты 90 – 130 ат күшіне тең импорттық тракторлар 15%-ға қымбаттады, ал ресейлік тракторлар 33%-ға қымбаттады. Ресейде бұл тракторлардың өндірісі 66%-ға төмендеді.

Ресейде қуаты 280 – 340 ат күшіне тең импорттық тракторлар бағасының өсуі 17%-ды құрады, ал ресейлік тракторлар бағасы 37%-ға өсті. Мұндай тракторлардың өндірісі 86%-ға төмендеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, ауыл шаруашылығын орнықты дамыту мақсатында және Президенттің тапсырмасы шеңберінде шаруалар мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер мүдделерінің тепе-теңдігін сақтау қажет деп санаймыз.

Мұндай тепе-теңдікті сақтамау нарықтың монополиялануына және ауыл шаруашылығы техникасының одан да қымбаттауына алып келеді. Қымбат техника машина-трактор паркінің жаңару қарқынын төмендетеді, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру құнының артуына және оның сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетсіздігіне ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сізден:

1. Ауыл шаруашылығы техникасын құрастыратын әр өндіріс орнына мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау шараларын зерделеуді және нақты кәсіпорында 1 жұмыс орны ел бюджетіне қанша салмақ салатынына баға беруді сұраймыз;

2. Отандық және импорттық ауыл шаруашылығы техникасын инвестициялық субсидиялаудың тең мөлшерлемелерін қамтамасыз ету қажет деп санаймыз;

3. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға байланысты қолданыстағы лизинг мөлшерлемелерін сақтауды сұраймыз.

Сауалға заңнамамен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» ХДПП партиясы
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов
А. Баққожаев
Қ. Әбден
Ж. Дайрабаев
С. Егізбаев**

**Н. Арсютин
А. Зейнуллин
Т. Серіков**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары

**М. Ескендіров
Р. Кожасбаев
Қ. Балабиев**

*Орынд. А. Байжанова
тел. 74 63 92*